

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі N 548 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 11 маусымдағы N 411 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 10 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1916. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 204 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.05.11 N 204 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 394 V021859_ бұйрығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына қабылдауды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі N 548 V011577_ бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілген мерзімдерде медициналық, дене бітімі және психологиялық көрсетулері бойынша талапкерлерді іріктеуді жүзеге асырады. Медициналық, дене бітімі және психологиялық көрсетулері бойынша іріктеуден өтпеген және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелеріне 3-қосымша бойынша арыздарында екінші және үшінші мамандықтарды көрсеткен талапкерлер, мемлекеттік сертификат алу үшін өз еріктері бойынша кешенді тестілеуге жіберілуі мүмкін. Кешенді тестілеу, жоғары оқу орындарының

тыңдаушылары қатарына қабылдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі, олар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісу арқылы ғана өзгертілуі мүмкін."

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"290000 "Әскери техника және технология" даярлау бағытындағы мамандықтар бойынша: ішкі әскерлердің командалық-тактикалық, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың командалық-тактикалық, автомобильдік әскерлердің командалық-тактикалық, байланыс әскерлерінің

командалық-тактикалық, әскерлерді инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, әскерлерді ракеталық-артиллериялық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, тылдық қамтамасыз етудің командалық-тактикалық, жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз етудің командалық-тактикалық:

физика;

математика;

қазақ немесе орыс тілі;

Қазақстан тарихы.

"Физика" негізгі пән болып табылады."

2. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Тәрбие және кадр жұмысы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-Министрі ішкі қызмет генерал-майоры С.Н.Баймағанбетовке және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Тәрбие және кадр жұмысы департаментіне (М.М.Сүйіншәлиев) жүктелсін.

Министр

генерал-полковник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

бірінші вице-Министрі

2002 ж. 24 маусым

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК